

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Қаржы және несие**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Қаржының мәні туындайды:

- A) ақша эмиссиясынан
- B) тауар-өндірісінің негіздерінен
- C) экономикалық заңдардың іс-әрекетінен
- D) ақша нысанындағы құн қозғалысынан
- E) қаржы жүйесін ұйымдастырудан

2. Сақтандыру мерзімі бойынша қысқа мерзімді сақтандыру

- A) 1 жыл
- B) 5 жыл
- C) 6 жыл
- D) 8 жыл
- E) 10 жыл

3. Қаржылар бөлгіштік тұжырымдамасы бойынша екі негізгі қызмет атқарады:

- A) бөлу және реттеу
- B) бөлу және бақылау
- C) реттеу және бақылау
- D) жинақтау және қайта бөлу
- E) қайта бөлу мен реттеу

4. Орталықтандырылған қаржыларға жатады:

- A) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар
- B) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие
- C) мемлекеттік бюджет, арнайы бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, кәсіпорын мен ұйымдар қаржылары
- D) мемлекеттік бюджет, мемлекеттік несие, тұрғындар қаржылары
- E) мемлекеттік бюджет, тұрғындар қаржылар

5. Мемлекеттік қаржыларды басқару, сонымен қатар мемлекеттік, республикалық меншікті пайдалануды бақылау және есептеудің мемлекеттік мекемесі, бұл:

- A) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
- B) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі
- C) Салық комитеті
- D) Қаржы полициясының агенттігі
- E) Парламент

6. Өз функциялары мен міндеттерін шешу үшін қаржы саласында мемлекеттің мақсатты шаралар жиынтығы:

- A) қаржылық қатынас
- B) қаржымен басқару
- C) қаржылық саясат
- D) қаржылық механизм
- E) қаржылық реттеу

7. Экономиканы валюталық-қаржылық реттеудің негізгі түрлері:

- A) мемлекеттік-несиелік реттеу
- B) экономикалық реттеу
- C) салықтық, бюджеттік, мемлекеттік-несиелік, валюталық-қаржылық, шаруашылық реттеу
- D) кәсіпорындар мен халықтың экономикалық белсенділіктегі ынталығын қамтамасыз ету
- E) валюталық бағам, ақша капиталының пайыздық мөлшерлемелері, халықаралық төлем қаражаттары мен бағалы қағаздардың бағамдары, валюталық тәуекелдерді сақтандырудың сан алуан әдістері

8. Бағалар өсуінің теңгерімділік дәрежесі бойынша инфляция түрі

- A) Күтілмеген
- B) Импортталған
- C) Экспортталған
- D) Теңдестірілген
- E) Күтілген

9. Болжаулық дәрежесіне қарай жіктелетін инфляция түрі

- A) Импортталған
- B) Теңдестірілген
- C) Экспортталынған
- D) Теңдестірілмеген
- E) Күтілген

10. Айналыстағы ақша массасын, несие көлемін, сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы

- A) Салық-бюджет саясаты
- B) Ақша-несие саясаты
- C) Валюталық саясат
- D) Баға саясаты
- E) Кеден саясаты

11. Инвестициялар түрлері:

- A) портфельдік, тура, жанама
- B) негізгі, қосымша, аннуитеттік
- C) негізгі, қосымша, тура, жанама
- D) венчурлық, аннуитеттік, тікелей
- E) венчурлық, аннуитеттік, тікелей, портфельдік

12. Табыс көлеміне қарамастан салық мөлшері өзгеріссіз қалады

- A) Реттеуші салық
- B) Кемімелі салық
- C) Үдемелі салық
- D) Үйлесімді салық
- E) Нақты салық

13. Фискалдық саясат құрамына кіреді

- A) Несиелік саясат
- B) Салық саясаты
- C) Инвестициялық саясат
- D) Валюталық саясат
- E) Инфляцияға қарсы саясат

14. Дивидендтерді төлемеу тәуекелі:

- A) қор нарығының жағдайы тұрақсыз мемлекеттердің бағалы қағаздарына қаржы жұмсаумен байланысты
- B) облигацияларды немесе артықшылығы бар акцияларды жай акцияларға алмастыру кезінде пайда болады
- C) кәсіпорында басқаруды жүргізетін менеджерлердің біліктілігіне байланысты туындайды
- D) кәсіпорын қызметінің күтілетін нәтижесінен ауытқуға байланысты пайда болады
- E) ірі акция иеленушілердің стратегиясына байланысты кішігірім үлестегі акция иеленушілердің стратегиясына байланысты кішігірім үлестегі акция иеленушілердің табыс ала алмау қаупі туындауы

15. Егер несиелік қарым-қатынаста мемлекет гарант ретінде жүрсе ол

- A) Ішкі несие
- B) Сыртқы несие
- C) Банктік несие
- D) Тұтыну несиесі
- E) Шартты несие

16. Қосылған құн салығының ставкасы

- A) 15%
- B) 10%
- C) 18%
- D) 12%
- E) 5%

17. Жеке табыс салығының ставкасы

- A) 10%
- B) 20%
- C) 30%
- D) 25 %
- E) 28%

18. Корпорациялық табыс салығының ставкасы

- A) 40%
- B) 28%
- C) 37%
- D) 20%
- E) 18%

19. Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей және міндетті болып табылатын салық салу принципі

- A) Айқындылық
- B) Жариялылық
- C) Қолайлылық
- D) Әділдік
- E) Біртұтастық

20. Несиені қайтару ықтималдылығы, міндеттемені орындау тұрғысынан қарыз алушының несиені өтеу қабілеттілігін бағалауды білдіреді

- A) Несиелік мониторинг
- B) Несиелік саясат
- C) Несиелік келісім-шарт
- D) Несиелік рейтинг
- E) Несиелік жоба

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Ұйым қаржысы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Өнімнің өзіндік құнына тікелей қатысатын шығындар
  - A) бөлме жылуы шығындары
  - B) шикізат пен материалдар шығындары
  - C) бөлменің жарықтандыру шығындары
  - D) ғимараттарды жөндеу шығындары
  - E) қосымша жұмысшылар шығындары
  
2. Өнімнің өзіндік құнына кірмейтін шығындар
  - A) еңбек ақы
  - B) энергия шығындары
  - C) өндірістік материалдық емес
  - D) жалпы және әкімшілік
  - E) материалдық шығындар
  
3. Кәсіпорынның бүкіл қаражаттарын тиімді пайдалану мақсатында шаруашылық жүргізушісі субъектінің ақшалай ағындарының қозғалысы механизмін басқару жүйесі
  - A) Қаржылық стратегия
  - B) Қаржылық тактика
  - C) Қаржылық жүйе
  - D) Қаржылық менеджмент
  - E) Қаржылық бақылау
  
4. Кәсіпорындар қаржыларының қайта өндіру функцияларының мәні
  - A) қаржы ресурстарын тиімді пайдалануды қамсыздандыру
  - B) нақты қаржы айналымын бақылауды жүзеге асыру
  - C) бөлуге және қайта бөлуге тиісті өнімді сатудан табыс табу
  - D) материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының құндық өрнек баланстығын қамсыздандыру
  - E) кәсіпорын табыстарының пайда болуы, үлестіруі және пайдалануы

5. Кәсіпорынның қаржы тетігі

- A) кәсіпорынның шаруашылық тетігінің бір бөлігі кәсіпорын өзіне қажетті ақшалай қаражаттармен қамтамасыз етуі, барынша көп пайда табуға көмектесетін қаржы түрлері мен әдістерінің жиынтығы
- B) кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің көлемін барынша кеңейтіп, меншікті капиталын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді
- C) қаражаттың жұмсалуды, барлық деңгейдегі бюджеттерден бөлінетін қаражаттың нысаны
- D) кәсіпорын өзіне қажетті ақшалай қаражаттармен қамтамасыз етуге, жұмыстың табыстылығын қамтамасыз етуге және барынша көп пайда табуға көмектесетін қаржы түрлері мен әдістерінің жиынтығы
- E) белгілі бір ниеттер мен міндеттерді орындау үшін құрылған және ережелердің ресми құрылымы

6. Рентабельділік шегінің бағасының анықталуы

- A) өнімді сатудың шекті көлемі арқылы
- B) кәсіпорынның қайта құруынан
- C) қаржы менеджментін жетілдіруден
- D) барлық жауаптар дұрыс
- E) өндіріс мөлшерін және өнім сатылуын көбейтуден анықталады

7. Рентабельділік сараптамасы басталады

- A) баланс сараптамасынан
- B) барлық жауаптар дұрыс
- C) кәсіпорын шығындары мен кірістері жайлы есептен
- D) рентабельділік шекті сараптаудан өзіндік құнын төмендету
- E) баланс сараптамасынан, кәсіпорын шығындары мен кірістері жайлы есептен

8. Рентабельділік шегі

- A) өнім шығарылымының ең төменгі көлемін анықтау үшін қолданылатын көрсеткіш
- B) өзіндік құнын төмендету
- C) кәсіпорынның қайта құрылуын
- D) қаржы менеджментін жетілдіру
- E) барлық жауаптар дұрыс

9. Рентабельділікті көтеру есебінен мүмкін болады

- A) өзіндік құнын төмендету
- B) кәсіпорынды қайта құру
- C) қаржы менеджментін жетілдіру
- D) барлық жауаптар дұрыс
- E) өндіріс мөлшерін және өнім сатылуын көбейту

10. Өндіріс рентабельділігі

- A) сатудан түскен табыстың өнімнің өзіндік құнына қатынасы \*100
- B)  $100 * \frac{\text{жалпы табыстың негізгі қорлар мен айналым қаржыларының орташа жылдық құны}}{\text{баланстық табыстың сату өнімінің көлеміне қатынасы}} * 100$
- C) баланстық табыстың сату өнімінің көлеміне қатынасы\*100
- D) тауар айналымы мен сатылатын тауарларды сатып алуға кететін шығын арасындағы айырма
- E) барлық жауаптар дұрыс

11. Кәсіпорын қызметін меншікті қаржы және қарыз қаржыларынан қаржыландырылатын бөлігін көрсететін коэффициенті

- A) маневрлік коэффициенті
- B) өтеу коэффициенті
- C) ликвидтік коэффициенті
- D) қаржыландыру коэффициенті
- E) қаржылық тұрақтылық коэффициенті

12. Кәсіпорын капиталын қаржыландырудың қарыз көзі арқылы қалыптасқан бөлігі

- A) меншік капиталы
- B) қарыз капиталы
- C) резервтік капитал
- D) қосымша капитал
- E) жарғылық капитал

13. Негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің қайта өндіруін қамтамасыз ететін көрсеткіш

- A) ликвидтілік коэффициенті
- B) қаржыландыру коэффициенті
- C) амортизациялық ақша бөлінулер
- D) өнім рентабельділігі
- E) айналым қорлары

14. Инвестиция салу және инвестицияларды сату бойынша әрекеттер жиынтығы

- A) инвестициялар
- B) инвестициялық қызмет
- C) салымдар
- D) пайда
- E) күрделі салымдар

15. Төлем күнтізбесін, кассалық жоспарды және тұтыну есебінен қысқа мерзімді несиеледе құруды қамтитын қаржылық жобалау түрі

- A) оперативтік қаржы жобалауы
- B) ағымды қаржы жобалауы
- C) стратегиялық жобалау
- D) коммерциялық жобалау
- E) перспективалық жобалауы

16. Кәсіпорын билігіндегі табыстан ақша бөлулер қалыптастыру көзі болып табылады

- A) қосымша капиталдың
- B) резервтік капиталдың
- C) жарғы капиталының
- D) тұтыну қорының
- E) валюттық қордың

17. Өндірістік айналым мен айналым қорларын құрудың ақшалай қаражаттарының жиынтығы

- A) айналым капиталы
- B) дайын өнімдер
- C) дебиторлық берешек
- D) кредиторлық берешек
- E) ақша қаражаттары

18. Кәсіпорын мен оның жеке бөлімшелері үшін халықаралық деңгейдегі оперативтік жоспарларды жан - жақты құрастыру

- A) ағымдағы қаржылық жоспарлау
- B) келешекке қаржылық жоспарлау
- C) стратегиялық жоспарлау
- D) тактикалық жоспарлау
- E) оперативтік қаржылық жоспарлау

19. Айналым қаржыларының пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш

- A) айналым коэффициенті
- B) айналымның орташа ұзақтығы
- C) айналдыру қаржысы
- D) айналым статистикасы
- E) меншіктік айналым



20. Кәсіпорын атына ағымды төлемдер мен ақша қаражаттарының түсімін есептеуді жүзеге асыруға арналатын шоттар

- A) ағымды
- B) арнайы
- C) есеп
- D) валюттік
- E) транзиттік

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Қаржы ресурстарының бөліну категориялары

- A) есеп категориясы
- B) кәсіпорын категориясы
- C) ұйым категориясы
- D) менеджмент категориясы
- E) қаржы категориясы
- F) баға категориясы

22. Сектор арасында қаржы ағынын реттеудегі мемлекеттің рөлі мен мемлекеттік бюджетті реттеудің басты буыны болып табылатындар

- A) мемлекеттік
- B) статистикалық
- C) кәсіпорындар
- D) ресурстар
- E) мамандар
- F) қалыптасуы
- G) орасан зор
- H) салық жүйесі

23. Артықшылығы бар акцияларды пайдалану

- A) басқаруға құқық бермейді
- B) табысты үлестіру кезінде қарапайым акцияларға қарағанда артықшылығы жоқ
- C) дивидендер берілмейді
- D) бірақ тұрақты дивиденд береді
- E) кепілді нақты дивидендке құқық береді
- F) акционерлер жиналысы белгілеген және дауыс құқығын беретін дивидентті қамтамасыз етеді
- G) табысты үлестіру кезінде қарапайым акцияларға қарағанда артықшылығы бар
- H) кепілді нақты дивидендке құқық бермейді

24. Кәсіпорынның айналым қаржылар құрамына кіреді

- A) аяқталмаған өндіріс
- B) қоймадағы дайын өнім
- C) айналу қорлары
- D) айналым қорлары
- E) өндіріс қорлары
- F) қосымша бөлшектер қорлары
- G) қорсыйымдылық

25. Салық төлеушінің кірісі мен мүлкінен төленетін тікелей салықтар-бұл

- A) тікелей салықтар
- B) жанама салықтар
- C) жалпы салықтар
- D) тұтыну салықтары
- E) кадастрлық әдіске сәйкес салықтар
- F) табысқа салынатын салықтар
- G) пайдалану тәртібіне
- H) фискалдық функция

26. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады мұның өзі салықтардың қоғамдық міндеттерін арттыра түседі

- A) деңгейлес теңдікке
- B) сатылас теңдікке
- C) қарапайыдылық қағидаты
- D) салықтардың анықтылығы
- E) жеңілдіктердің ең аз саны
- F) салық салу міндеттілігі
- G) салық салудың экономикалық қолайлығы
- H) фискалдық функция

27. Бұл қағидатта салық механизмі салық төлеушіге түсінікті болуы тиіс және күрделі болмауы керек

- A) деңгейлес теңдікке
- B) сатылас теңдікке
- C) қарапайыдылық қағидаты
- D) салықтардың анықтылығы
- E) жеңілдіктердің ең аз саны
- F) салық салу міндеттілігі
- G) салық салудың экономикалық қолайлығы
- H) фискалдық функция

28. Салық салудағы әділеттілік қағидаты екі аспектіде қарастырылады

- A) деңгейлес теңдікке
- B) сатылас теңдікке
- C) қарапайыдылық қағидаты
- D) салықтардың анықтылығы
- E) жеңілдіктердің ең аз саны
- F) салық салу міндеттілігі
- G) салық салудың экономикалық қолайлығы
- H) фискалдық функция

29. Күнтізбелік төлемді құрудың кезеңдік үрдісі

- A) бағалау жолдарын қарап шығу
- B) ақшалай қаражаттар нарығы, несие, статистика
- C) ақшалай қаражаттардың жетістіктері мен кемшіліктері
- D) ақшалай қалдықтарды анықтау
- E) жоспарлы кезеңде күтілетін ақшалай шығындарды бағалау
- F) ақшалай қаражаттар түсімдер мүмкіншіліктерінің көлемін жоспарлау
- G) өткізетін өнім көлемін жоспарлау
- H) жоспарлау кезеңін таңдау

30. Қаржыландыру бағытындағы жоспарлаудың әдістері – жоспарлық есептерінің нақты әдістері мен тәсілдері арқылы анықталады

- A) есептік аналитикалық
- B) нормативтік
- C) баланстық
- D) жоспар шешімдерін оптимизациялау
- E) экономикалық математикалық үлгілеу
- F) статистикалық
- G) оперативтік
- H) экономикалық жоспарлау есеп

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Түрлі елдерде меншікті және қарыз капиталы арасындағы әр түрлі ара қатынас нормативі пайдаланылады. Ресейде - 50/50, АҚШ-та - 60/40, ал Жапонияда – 30/70 ара қатынасы қолданылады. Капиталдың ауыспалы айналым процесінде айналым қаражатын қалыптастыру көзі бірінен- бірі ажыратылмайды. Мәселен өндіріс барысында тұтынылатын шикізат пен материал қандай қаражат есебінен сатып алынғаны жөніндегі ақпарат ешқашан пайдаланылмайды, алайда айналым қаражатының қалыптастыру жүйесі айналымды баяулатып немесе оны жеделдете отырып оның жылдамдығына ықпал етеді

31. Айналым қаражаты басқару дәрежесі бойынша бөлінеді

- A) нормаланатын және нормаланбайтын
- B) тұрақты және тұрақсыз
- C) қаражат және ақша
- D) тура және жанама
- E) кіріс пен шығыс

32. Банк және банк емес кредит облигациялық қарыз кредиторлық берешек және өзге де көз нысанында қалыптастырылуы және кәсіпорынға уақытша пайдалануға берілетін қаражат түрі

- A) меншікті айналым қаражаты
- B) жарғылық қаражат
- C) резервтік қаражат
- D) қарыз айналым қаражаты
- E) қосымша қаражат

33. Меншікті айналым қаражаты қандай жиілікпен пайдаланады

- A) негізгі
- B) айнымалы режимде
- C) тұрақты режимде
- D) әр түрлі
- E) салым

34. Айналым қаражатын екіге бөліп қарастыру

- A) сұраныс және ұсыныс
- B) меншікті және қарыз
- C) нарық және қарыз
- D) меншік және нарық
- E) ұсыныс және қарыз

35. Ақшалай қаражаттың айналымы жасалатын уақыт кезеңі

- A) өндірістік – коммерциялық циклдың ұзақтығы
- B) мерзімдік ұзақтық
- C) мөлшерлі ұзақтық
- D) сұраныс ұзақтығы
- E) өнім ұзақтығы

**2-жағдаят**

***Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма***

Трактордың қызмет ету мерзімі 5 жыл. Тура әдісте амортизация нормасы 20% құрайды. Есептен шығару нормалары кемімелі қалдық әдісінде амортизация нормасы 40% тең болады. Осы белгіленген ставка әрбір жылдың соңындағы қалдық құнға жатады. Тозу сомасы қалдық құнды кеміту үшін қажетті сомамен шектелген соңғы жылды қоспағанда, қарастырылатын тарату құну тозуды есептегенде есепке алынбайды. Трактордың бастапқы құны 3 млн. теңгені құрайды, амортизация 5 жыл төмендегі мөлшер бойынша есептеледі

36. Трактордың үшінші және төртінші жылдарындағы амортизация сомасы

- A) 691200 теңге
- B) 155520 теңге
- C) 97200 теңге
- D) 231600 теңге
- E) 134865 теңге

37. Трактордың төртінші жылындағы амортизация сомасы

- A) 432565 теңге
- B) 198887 теңге
- C) 247615 теңге
- D) 259200 теңге
- E) 335698 теңге

38. Трактордың үшінші жылындағы амортизация сомасы

- A) 555 000 теңге
- B) 225 000 теңге
- C) 432 000 теңге
- D) 175 000 теңге
- E) 420 000 теңге

39. Трактордың екінші жылындағы амортизация сомасы

- A) 350 мың теңге
- B) 720 мың теңге
- C) 319 мың теңге
- D) 850 мың теңге
- E) 555 мың теңге

40. Трактордың бірінші жылындағы амортизация сомасы

- A) 1,2 млн. теңге
- B) 2,5 млн. теңге
- C) 4 млн. теңге
- D) 1,7 млн. теңге
- E) 5,5 млн. теңге

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***